

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 166 "2022-2024 жылдарға арналған Шетырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 200 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 166 "2022-2024 жылдарға арналған Шетырғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Шетырғыз ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 33707,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1885,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 140,0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер -80,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 31602,0 мың теңге;

2) шығындар – 34491,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -784,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 784,8 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 784,8 мың теңге.";

5 тармақта:

"994,0" сандары "1080,0" сандарымен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2022
жылғы 7 сәуірдегі № 200 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының 2021
жылғы 27 желтоқсандағы № 166
шешіміне 1- қосымша

2022 жылға арналған Шетырғыз ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы		Сомасы, мың теңге	
		Ішкі сыныбы		
		Атауы		
			I. Кірістер	33707,0
1			Салықтық түсімдер	1885,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1785,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	35,0
		3	Жер салығы	3,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1747,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	100,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	100,0
2			Салықтық емес түсімдер	140,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	140,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	140,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	80,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	80,0
		1	Жерді сату	50,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	30,0
4			Трансферттердің түсімдері	31602,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	31602,0

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	31602,0
II. Шығындар				34491,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32543,1
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	32543,1
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32543,1
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32543,1
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1948,2
	3		Елді-мекендерді көркейту	1948,2
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1948,2
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	633,0
			009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500,0

			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	815,2
15				Трансферттер	0,5
	1			Трансферттер	0,5
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,5
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	0,5
				III. Бюджет тапшылығы (-784,8 профициті)	
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (784,8 профицитін пайдалану)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	784,8
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	784,8
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	784,8